



ХҒТАР 16.21.33

Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-150-1-288-301>

«Диуани лұғат ит-түрк» ескерткішінде қыпшақша деп берілген тілдік элементтердің қазіргі қазақ тіліндегі көрінісі

М.М. Қосыбаев¹, М.Е. Әділов²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Астана, Қазақстан

²Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Алматы, Қазақстан

(E-mail: mirrau13@mail.ru, marlenadilov88@gmail.com)

Аңдатпа. Түркі тілдерінің алғашқы тарихи-салыстырмалы сөздігі саналатын Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» атты еңбегі өзінің бай тілдік сөздік қоры негізінде көне түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерін зерттеуде ең маңызды дереккөз саналады. Аталған еңбекте Махмұт Қашқари сол кезеңдегі әдеби жазба тілі – түрк (хакания – қағандық тілі) тілінің негізгі грамматикалық ерекшеліктерін берумен қатар, қыпшақ, оғыз, ұйғыр, сувар, арғу, т.б. түркі тілдері мен халықтардың тілдік өзгешеліктері жөнінде мол деректер берген. Қарахан дәуірінің данышпаны осы тілдердің айырмашылықтарына тоқтала отырып, әсіресе қыпшақ тілінен біраз мысалдар келтірген. Осылайша Махмұт Қашқари әдеби тілден кейін ең көп лингвистикалық мәліметтерді оғыздар мен қыпшақтардан келтіреді. Оғыздар мен қыпшақтарды жеке айтумен бірге көп жағдайда екі тілдер тобын қосып айтады.

Махмұд Қашқаридың тілдік топтар туралы берген мәліметтері арада он ғасыр өтсе де, әлі күнге дейін сол тілдермен көп жағдайда сәйкес келетіндігі таң қалдырады. Дегенмен бір-біріне қарама-қайшы немесе қиыспайтын жағдайлар да сирек болсын кездеседі, мәселен «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегінде кейде оғыз тіліне тән деп көрсетілген сөздер қазіргі оғыз тілдерінде кездеспеуі, сол сияқты қыпшақ тілінде бар деген қолданыстар қыпшақ тілдер тобына жататын қазақ тілінде сақталмауы мүмкін. Мақалада «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегінде Махмұт Қашқаридың қыпшақ тілінде қолданылады деп көрсеткен кейбір элементтердің қазіргі қазақ тіліндегі қолданысы қарастырылады. «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегінде қыпшақ тілді элемент деп көрсетілген сөздер мен формалардың қазақ әдеби тілі мен говорларында, тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдерінде және қос сөздерде сақталғандығы мысалдармен дәйектеледі.

Түйін сөздер: Махмұт Қашқари, Диуани лұғат ит-түрк, Қарахан дәуірі жазба ескерткіштері, қыпшақ тобы, оғыз тілдер тобы, қазақ тілі, лексика, фонетикалық ерекшеліктер, морфологиялық формалар, мақал-мәтел, тұрақты тіркестер.

Түсті: 05.06.2024; Мақұлданды: 22.01.2025; Онлайн қолжетімді: 30.03.2025

Кіріспе

XI ғасырдағы түркі тілдері мен халықтары туралы мол мәлімет беретін «Диуани лұғат ит-түрк» әмбебап еңбегі түркітану ғылымының ең негізгі қайнаркөзіне жатады. Арабтарға түрік тілін үйрету мақсатында әзірленген Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегі сол кезеңдегі түркі тайпаларының тілдік ерекшеліктері туралы маңызды мағлұмат береді. Кітапта тек тіл ғана емес, онда фольклордың түрлі жанрлары, әдебиет, тарих, салт-дәстүр, мәдениет қамтылған. XI ғасырдағы сөздік қорды анықтауы, сөздерді түсіндіру үшін қажет жерлерде өлеңдер мен мақал-мәтелдерді мысал ретінде қолдануы, грамматикаға қатысты маңызды түсініктемелер беруін есепке алғанда, әсіресе, тіл зерттеулері саласында «Диуани лұғат ит-түрк» ең негізгі еңбектер қатарына қосылады.

«Диуани лұғат ит-түрк» аты айтып тұрғандай, бір грамматикалық құрал немесе сөздік емес, ол – диван (жинақ, энциклопедия) және лұғат (әмбебап сөздік). Кітап атауындағы *лұғат* сөзі араб тілінде 1. сөздер, 2. тілдер, 3. диалектілер, 4. сөздік деген мағыналарды білдіреді. Сондықтан осы еңбек аталған төрт анықтамаға сәйкес келеді, өйткені онда Қарахан дәуірі жазба тілінің лексикасы ғана емес, сол кезеңдегі негізгі ірі тайпалар – оғыз, қыпшақ, ұйғыр, сувар, қырғыз, татар, арғулардың тілдік ерекшеліктері және диалектілері көрсетілген. Грамматикалық қолданыстар талданғанда тайпалардың тұрмысы, сенімдері, әдет-ғұрпы қосымша берілген, ал сөздердің мағынасын ашқанда түсінікті болуы үшін мысал ретінде талданып жатқан сөз кездесетін өлеңдер, халық жырлары, ауыз әдебиеті мәтіндері, мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестер қосылған.

Махмұт Қашқари кітапты арабтарға түрік тілін үйрету мақсатында дайындағандықтан, еңбек негізінен арабша жазылған, бірақ мысалдардың барлығы түрік тілінде берілген. Оның бұл ұстанымы келесі кіріспе сөзінен көрінеді: «Түрік тілін үйреніңдер, себебі олардың ұзақ ғұмырлы биліктері болады деген хадисті Бұқара имамдарынан естідім, бұл шын хадис болса, түрік тілін үйрену міндетті болады; егер ол дұрыс болмаса, ақылдарыңызға салыңыздар... Міне, сол себепті мен олардың елдерін және даласын зерттедім. Түрік, түркімен, оғыз, шігіл, яғма және қырғыздардың диалектілерін үйрендім. Шындығында мен олардың тілде ең дұрысын білетіндерінен, сөйлеуде ең айқын болғандарынан, ақыл-ойда ең қабілеттілерінен, руы жағынан ең тереңдерінен, найзада ең жақсы атушыларынан білемін. Осылайша әр рудың тілін жақсы меңгердім. Содан кейін бұл кітапты жақсылап ретке келтіріп, жаздым...» [1, 3 б.]. Ғалымның түркі тілдерін терең меңгергенін осы сөзінен және талдаған мысалдарынан айқын көрінеді, өйткені ол қыпшақ немесе оғыздікі деп таныған сөздер осы күнге дейін тура солай сол тілдер тобында сақталған.

Зерттеу әдістері

«Диуани лұғат ит-түрктегі» қыпшақ тіліне тән ерекшеліктер фонетикалық, морфологиялық және лексикалық жағынан талданып, жекелеген сөздердің түп-төркіні, шығу тегі көне түрк ескерткіштері мен қазіргі түркі, алтай тілдері материалдары негізінде

қарастырылды. Осы тұрғыда жасалған тілдік зерттеулерде негізінен салыстырмалы, салғастырмалы, салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылады. Жекелеген атаулардың түбірі мен мағынасы ажыратылғанда, морфемдік және семантикалық талдауға жүгінілді. Қыпшақ элементтері түпнұсқа деректерден оқылып салыстырылды, сондықтан жазба ескерткіштің Түркияда жарық көрген қолжазбасы басшылыққа алынды. Жиналған сөздер мен грамматикалық формалар жеке-жеке теріліп, қазіргі жинақтардағы нұсқаларымен фонетикалық, морфологиялық талдау жолымен салыстырылды. Талданатын мысалдар жүйелеу, топтау, талдау, сипаттау әдістері арқылы көрсетілді.

Тақырыптың зерттелуі

«Диуани лұғат ит-түрк» ескерткішінің тілі жөніндегі зерттеулер елімізде, түркі тілдес мемлекеттерде, тіпті әлемде жалғасып келеді. Сөздіктегі мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, лексикасы, грамматикасына дейін егжей-тегжейлі зерттеліп, мақалаларды санамағанда, жүздеген монография, ғылыми диссертациялар жазылды. Сөздік қорының өзі – етістіктер бір бөлек тарихи-салыстырмалы тұрғыдан талданса, зат есімдері қаржылық атаулар, тұрмыстық бұйымдар, қару-жарақ, құс атаулары мен жануарлар, құрал-сайман, зергерлік атаулар, т.б. тақырыптық топтарға бөлініп жеке-жеке зерттелді. Ескерткіштегі қазақ тілімен үндесетін сөздер мен қолданыстар және мақал-мәтелдер Н. Сауранбаев, С. Аманжолов, А. Ысқақов, Ғ. Мұсабаев, Ә. Құрышжанов, Ә. Ибатов тарапынан қарастырылды.

Тікелей тақырыпқа қатысты қыпшақ элементтері деген мәселе осы тақырыппен жеке мақала, монография ретінде әсіресе Түркияда жазылды. А. Karahan 2013 жылғы «Dîvânu Luğati't-Türk'e Göre XI. Yüzyıl Türk Lehçe Bilgisi» монографиясында ескерткіштегі түбі түркі төл сөздердің қазіргі түркі тілдерінің қайсысында сақталғанын тіркеп, салыстырмалы сөздік жасады. Ғ. Toprak 2003 жылғы «Divanü Lugati't-Türk'te Kırçakça Kaydıyla Verilen Kelimelerin Tarihi Kırçak Söz Varlığı İçindeki Yeri» мақаласында ең алғаш қыпшақ элементтерін салыстырмалы түрде зерттеп, ескерткіштегі қыпшақ тілі деп көрсетілген сөздерді ортағасырдағы қыпшақ ескерткіштері сөздіктерімен байланыстыра қарастырды. 2014 жылы М. Karasu «Divânu lugât'it-Türk'teki Kırçak söz varlığını Kazak Türkçesindeki görünümü» мақаласында жазба мұрадағы қыпшақ тілінде қолданылады деп тіркелген сөздердің қазақ тіліндегі бар-жоғын сөздіктер негізінде анықтап, тізімін ұсынды. 2015 жылы О. Balcı «Divanü lügâti't-Türk'te Kırçakça olarak kaydedilen dil malzemesinin bugünkü Kırçak lehçelerindeki durumu» мақаласында жәдігерде қыпшақша деп көрсетілген элементтердің жалпы қыпшақ тілдеріндегі қолданысына тоқталды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Фонетикалық ерекшеліктер. 1. Сөз басындағы «й» дыбысының «ж» дыбысына айналуы.

Махмұд Қашқари «жинчү» формасының қыпшақ және оғыз тілдерінде «інжу» мағынасында қолданылғанын атап өтеді: «Оғыздар мен қыпшақтар басында «й» дыбысы

кездесетін есім сөздер мен етістіктердің бірінші әріптерін «ж» дыбысына айналдырады. Осылайша басқалары «*йинжу*» деп айтса, олар (қыпшақтар) «*жинжу*» дейді. Түріктер түйенің ұзындау келген жүніне «*йугду*» десе, оғыздар мен қыпшақтар «*жугду*» дейді» [1, 12 б.].

М. Қашқари қыпшақтар сөздерді [ж] дыбысымен айтады деп тіркегендей, сөз басындағы [й] дыбыстары қазақ тілінде [ж] дыбысымен айтылады. Осы ерекшелік қыпшақ тобындағы қырғыз, қарақалпақ, қарашай-балқар, татар (татар тілінде тек қысаң дауыстылардың алдында ғана [ж] сақталған) тілдерінде ғана сақталған.

Қазақ тілі сөз басындағы [ж] дауыссызымен айтылатын негізгі тілге жатқанмен, М. Қашқари атап өткен *жинчу* қолданысы, тілімізде күтілетіндей *жинжу* тұлғасында емес, инжу формасында кездеседі. «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегінде қыпшақ және оғыз тілдерінде *жинчу* ретінде берілген сөздің басында негізінен [ж] дыбысы кездесетін қазақ тілінде *инжу* формасында қолданылуы назар аудартады. XI ғасыр ғұламасы сол кезеңнің өзінде қыпшақтардың [ж] деп айтатынын ескерткені бекер емес, шынымен осы тарихи ерекшелік қазақ тілінде бүкіл сөздерде сақталған, бірақ *инжу* сөзінде ғана сөз басында [ж] дыбысы түсіп қалған. Орыс тілінде *жемчуг* болып айтылуы оның ертеде қыпшақтардан алынғанына дәлел бола алады.

Қазіргі қыпшақ, қарлұқ, оғыз тілдерінің түгелінде [ж] дыбысы түсіп, *инжи* (*инжу*, *инжі*, *ынжы*, *инчи*) түрінде айтылса, көне тілдік ерекшеліктер көбірек сақталатын Сібір түркі тілдерінде сөз басындағы [ж] нұсқалары ([ч], [д]) сақталған, мысалы алтай тілінде *динжи*; тува тілінде *чинчи*; хакас тілінде *чимчүк*; якут тілінде *чөмчүүк*, т.с.с.

2. Сөз басындағы «й» дыбысының түсуіне байланысты М. Қашқари қыпшақтар мен оғыздарда мұндай құбылыстың бар екенін назарға алады: «Басқа түріктер жолаушыға *йелкин* десе, оғыздар мен қыпшақтар *елкин* дейді. Олар (қыпшақ пен оғыздан басқалары) жылы суға *йылыг* су десе, оғыздар мен қыпшақтар *ылыг* дейді [1, 12 б.]. М. Қашқари кейбір жағдайларда сөз басындағы [й] дыбысының түсіп қалуына байланысты мысалдарды оғыз және қыпшақ тілдерін қатар айтып, екі тілден бірдей мысалдар берген, неге десек, сол кезеңде қыпшақтар мен оғыздар бір аймақта тұрғаннан болуы мүмкін, өйткені ерте орта ғасырда қыпшақтар солтүстіктен Сыр бойына қарай келгені белгілі.

М. Қашқари қыпшақтарда [ж] дыбыстарының түсіп қалуы бар деп айтқан бұл ерекшелік қазақ әдеби тілінде жиі кездесе қоймайды, көп жағдайда [ж] дыбысы сақталып айтылады. Ал мұндай құбылыс оғыз тілдерінен көбіне әзербайжан тілінде байқалады: *йиде* > *идә* «жиде», *йыл* > *ил* «жыл»; *йылан* > *илан* «жылан», *йүрек* > *үрек* «жүрек».

Қазақ әдеби тілінде сирек болса да, ғұлама көрсеткен фонетикалық заңдылық сақталған, мысалы *жұбату* етістігінің *уату* формасы бар. Сол сияқты *жұбан/уан*; *жұбаныш/уаныш*; *біржолата/біратола*; *жекiреңде-/әкiреңде*; *желбегей/елбегей*; *жыра/ыра* сияқты нұсқалы сөздер кездеседі. Сонымен қатар «*йешил*» (жасыл) өзен атауы қазақ тілінде сөз басындағы «ж» түсіп, *Есіл* болып өзгергені айтылады. Қырғыз тілінде жырдың ыр; жылаудың *ййла* түрінде жұмсалуды осындай құбылысқа жатады. Сөз басындағы [ж] түсіп қалуына байланысты мысал ретінде орыс тіліндегі *изюм* атауының *жүзімнен* өзгергенін келтіруге болады. Сондай-ақ көне түрк тіліндегі *йүғұрт* етістігі қазақ тілінде *ұйыту* болып сөз басындағы [й] түскен, әлем тілдерінде *йогурт* болып жұмсалады.

3. Сөз басындағы «т» дауыссызының «д» дыбысына өзгеруіне келгенде де ғұлама оғыздар мен оған жақындарда (қыпшақтар) осы тілдік құбылыс бар екенін атап көрсетеді: «Сөздің басындағы барлық «т» дыбыстары оғыздар мен оларға жақындарда «д»-ға өзгереді [1, 12 б.]. Оғыздар мен оларға жақындар деу арқылы ғалым қыпшақтарды меңзегені дәлелденген, себебі кітаптың біраз бөлігінде оғыздар мен қыпшақтар бірге аталған, тіпті бір тараушада «оғыздар және олардың бауырлары қыпшақтар» деп айтылған. Осыған қарап М. Қашқаридың жақындар дегені қыпшақ екендігі айқын анықталады.

Қазақ әдеби тілінде сөз басындағы [т] дыбысы негізінен сақталады. Алайда Махмұт Қашқари қыпшақтар да [д] деп айтады деп бекер айтқан жоқ, оны қазақ тіліндегі *дала, дағы, дейді (деп, дегенмен, дей тұрғанмен) дейін, диірмен; дауыс; деңгей; доғару, доңыз; деңгене, доғар, делқұлы, дүлей, дыбыс, дым*, т.б. мысалдарында көне түрк тіліндегі [т] тұлғасында емес, оғызшадағыдай [д] формасында сақталғанынан көреміз. Мәселен, А. Құнанбайұлы бір мысалда тұзу сөзінің орнына дүзу нұсқасын пайдаланса, Ш. Құдайбердіұлы әдеби тілдегі тозақ сөзі орнына дозақ нұсқасын қолданған [2, 39 б.].

II. Морфологиялық өзгешеліктер. 1. -асы есімшесі:

Махмұт Қашқари XI ғасырдағы «Диуани лұғат ит-түрк» ескерткішінде -ғу жұрнағы туралы айта келіп, -асы есімшесін қолдану оғыз, қыпшақ тілдеріне тән деп жазады: «Шігіл, яғма, тохсы, аргу және жоғарғы Қытайға дейінгі ұйғыр тілдерінде түбір сөзге -ғу, -қу, -ғу қосымшалары қосылып, есімше жасайды: *bu ya kurgu ugur ermes* «қазір садақ тартатын уақыт емес»; *bu turgu yir ermes* «бұл тоқтайтын жер емес»; *bu tagka agku ugur ermes* «қазір тауға шығатын уақыт емес»; *ol bizke kelgü boldı* «ол бізге келетін болды» сияқты». Ал оғыз, қыпшақ, печенек және бұлғар тілдерінде осы атауларға -асы жұрнағы қосылады дейді де, оғыз тілінен мысалдар келтіреді: *йа қурасы оғур тегүл* «садақ құратын уақыт емес»; *бу турасы йер тегүл* «бұл тұратын жер емес»; *бу тағқа ағасы уғур тегүл* «тауға шығатын кез емес»; *ол бизке келеси болды* «ол бізге келетін болды» [1, 251 б.].

Қазақ әдеби тілінде -асы жұрнағының грамматикалық мағынасы жоқ. Бұл жұрнақтың қызметін -ар, -атын жұрнақтары атқарады. Алайда М. Қашқари қыпшақтарда да кездеседі деп бекер айтпағаны анық, өйткені жоғарыдағы жұрнақ бұрыннан қалыптасқан қолданыстарда сақталған: *келесі, тиесілі, кіресілі, аласы, бересі, көресі*, т.б.

Қазақ әдеби тілінің сөздігінде *аласы, бересі көресі* сөздері жеке сөз ретінде берілгенмен, олардың жасалуы жөнінде мәлімет берілмеген. Өйткені бұл сөздер қалып тіркес пен сөздер саналады. Сонда -асы жұрнағы қазақ тілінде осы тәріздес қалыптасқан тіркестерде, мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестерінде сақталғаны болмаса, сөз тудыруға белсенді қатыспайды.

Мақал-мәтелдерде кездесетін -асы жұрнағы: *шығасы шықпай, кіресі кірмейді; шығасыға кіресі басшы; аласыға алтау аз, бересіге бесеу көп; туасы жаман туғанын жамандайды; көресінді көрмей көрге көрге кірмейсің* [3].

Тұрақты тіркестерде қолданылуы:

«Көресіні көрсетті». Сөздіктерде *көресіні көрсетті* «жамандық жасады, азаптады» тұрақты сөз тіркесінің мағынасына сәйкес, *көресі* сөзі жеке өзі «қиындық, азап» деп түсіндірілген, осылайша оның көр етістігі қатарында бермеген.

«Алты аласы бес бересі жоқ». «Өлесі болды». «Өлесі қылды/өлесідей сабады» [4].

Қос сөздерде: «Кіресілі-шығасылы» [5].

Абай өлеңінде *бересі* мен *аласы* сөздері тұрақты тіркес құрамында айтылған:

Қазақтың қайсысының бар санасы?

Қылт етерде дап-дайын бір жаласы.

Пысықтықтың белгісі – арыз беру

Жоқ тұрса *бес бересі*, *алты аласы* [6, 89 б.].

М. Қашқари ерте орта ғасырда негізінен оғыздар мен қыпшақтарда қолданылады деп айтатындай жөні бар, шынымен қазіргі түрік, әзербайжан тілдерінде бұл қосымша жаңа сөз тудыруға белсенді қатысады, сонымен бірге чуваш тілінде, тіпті қыпшақ тобына кіретін башқұрт және татар тілдерінде әлі де жұмсалатындығы айтылады [7, 248 б.]. Қазақ тілінде болса өнімді жұрнақ санатынан шығып, бұрыннан қалыптасқан жоғарыдағыдай кейбір мысалдарда сақталғаны байқалады. Аталған есімшенің фразеологизм, қос сөз, мақал-мәтелдерде сақталғаны оның М. Қашқари айтқандай, қазақ тілінде (яғни қыпшақ) ертеде белсенді сөз тудыруға қатысқандығына дәлел бола алады.

2. *-ан* есімше жұрнағы. Махмұд Қашқари *-дан* жұрнағының функциясына тоқталғаннан кейін, оғыздарда «*г*» дыбысының түсіп қалғанын атап өтеді. Тіл ғұламасы мысалдарға келгенде оның оғыздар мен қыпшақтарда қолданылғанын атап өткен: «Түріктер «Ол адам үнемі үйіне бараған (барғыш)» деген мағынада «*Ол ерге бараған ол*» дейді. Ал оғыздар мен қыпшақтар «*Баран ол*» дейді. Түріктер «*Ол ер қулыны ураған ол* (ол жігіт құлын ұраған (ұрғыш))» десе, оғыз бен қыпшақ «*Уран*» дейді [1, 33 б.]. Қазақ тілінде өткен шақтың есімшесі *-ған* жұрнағымен жасалады, ал «жиілік» функциясында ертеректе *-аған*, қазіргі кезде *-ғыш* жұрнағы жұмсалады. Алайда бір мақал-мәтелде батыс түрік тілдерінде сақталған *-ан* жұрнағының қолданылғаны байқалады: *Бозуландан боғулық алма* «Бұзылған жерден кішігірім зат болса да алма. Өрттен, қираған жерлерден алынған заттар жамандық әкеледі деген нанымнан шыққан» [8, 185 б.]. Қазақ әдеби тілінің грамматикасына сәйкес бұл мақал «Бұзылғаннан боғулық алма» деп айтылу керек еді. Жоғарыдағы нұсқасында болса, М.Қашқари айтқандай «қыпшақша» формада сақталған. Қазақ тілінде мағынасы жағынан ұқсас, семантикалық тұрғыдан жақын «*Бұлген елден бүлдіргі алма*» мақалы бар. Бұл мақалда әдеби тілдегідей *-ған* жұрнағы қолданылған.

3. *Жиілікті білдіретін -аған есімшесі*. Жиілік пен сабақтастықты білдіретін *-аған* жұрнағының диахрондық қолданысын Махмұд Қашқаридың еңбегінен көруге болады. «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегінде аталған жұрнаққа арнайы тоқталып, төмендегідей түсініктеме берілген: «Түріктер «Ол үйіне әрдайым бараған (барғыш)» деген мағынада «Ол еуге бараған ол» дейді. Оғыздар мен қыпшақтар «баран ол» деп айтады. Түріктердің *ол ер қулына ураған* «ол кісі құлын ұраған (жиі ұрады)» дегенін бұлар (яғни оғыздар мен қыпшақтар) «ол ер қулына уран» дейді».

М.Қашқари *-аған* жұрнағын қыпшақтар емес, түріктер айтады деп тіркесе де, оның ертеректе қазақ тілінде қолданылғанын мақал-мәтелдерден көруге болады: *байлаулы ит үреген, байлаулы өгіз сүзеген; жұтаған шүкірге тоймайды; кезеген аяқ боқ басар; есектің жүгі жеңіл болса, жатаған болады; көптің көзі көреген; кетеген болса түйең жау, тебеген болса биен жау* [3].

Қазіргі қазақ тілінде бір нәрсеге бейім болу, тұрақты бір қылық, әдет қызметін үстеу қызметінде етістіктен сын есім тудыратын *-қыш/-ғыш* жұрнағы белсенді қолданылады: *жұтқыш, кезгіш, жатқыш, кеткіш, айтқыш, тепкіш*, т.б. Бірақ ертеректе бұл функцияда *-аған/-еген* қосымшаларының қолданылғаны жоғарыдағыдай *жұтаған, кезеген, жатаған, кетеген, көреген, сүзеген, тебеген, қашаған* және т.б. мысалдарының әлі де сақталғанынан көреміз.

-Аған есімшесінің қазіргі әдеби тілде белсенді жұрнаққа жатпай, сөз тудыруға қатыспайтыны жөнінде ғалымдар ескерткен: «Қазақ тілінде есімшелердің қалдық формалары да бар. Олар *-аған/-еген* қосымшалары арқылы жасалады. Бұлар сан жағынан өте аз, санаулы ғана және қазіргі қалпында етістік системасынан шыққан, сын есім қызметінде қолданылады. Бұл есімшенің көнеленген түрі. Беретін мағынасы – дүркіндік, анықталушының тұрақты қасиеті» [9, 180 б.].

Махмұт Қашқари түріктер тарапынан айтылады, яғни әдеби тілде қолданылады деп көрсеткен *-аған* қолданысы қазіргі қазақ тілінде белсенді сөз тудыруға қатыспаса да, ертеректе қазақ тілінде жиі жұмсалғанын көреміз. Салыстырмалы грамматикаға арналған еңбектерде *-аған* есімшесі түркі тілдерінен тек құмық, қарақалпақ, чуваш, хакас тілдерінде кездеседі делінген [10, 197 б.].

III. Қыпшақ лексикалық элементтері.

Аба «аю». «Диуани лұғат ит-түрkte» *аба* сөзі қыпшақ тілінде аю мағынасында қолданылады деп көрсетілген. Қазақ тілінде *аю* сөзі қолданылады, бірақ *аба* «үлкен» мағынасында *ас+аба* «той жүргізуші, ас ағасы, дастарқан басшысы, үлкені» формасында сақталған; салыстырыңыз: *Асабасы жоқ асқа жарымас* «Тойбасы жоқ жерде береке болмайды, дастарқан басшысы жоқ жерде ассыз қалады» деген сема басым. Қазақ әдеби тілі сөздігінде *асаба* сөзі «тойбасы» ретінде түсіндіріліп, этимологиясы былайша ашылған: *ас* – «тамақ», *аба* – «ата, аға, үлкен» = «ас ағасы (үлкені)» [5, 707].

Этимологиялық сөздікте *аба* сөзі «үлкен» мағынасында да, «аю» (табу сөз екені көрсетілген) семасында да бір сөз ретінде берілген [11, 54 б.]. Федотов чуваш тіліндегі *уна* «аю» сөзін түркі тілдеріндегі *аба* «үлкен; әке» атауымен байланыстырады [12, 281]. *Аба* «аю» мағынасында тек хакас тілінде сақталған: 1) *аба* – «әке»; 2) *аба* – «аға»; 3) *аба* – «аю» (ХРС 13). Қазақ тілінде «көсем, көшбасшы, қасқыр немесе арыстан үйірінің бастаушысы, арлан» деген мағыналарында *абадан* сөзі жұмсалады. Қазақ тіліндегі «Арыстан көп, абаданы біреу», «Атадан алтау болса да, абаданы біреу» деген сияқты мақал-мәтелдерде де айтылады. Соңғысы көне түрк тіліндегі «ірі, үлкен» деген мәнде жұмсалған *аба* сөзімен байланысты болса керек. *Ірі* семантикасы қарашай-балқар тілінде сақталған, тіпті қазақ тіліндегідей *абадан* формасында жазылған: *Абадан* «үлкен, ірі; басшы»; *абадан-абадан* «ірі-ірі» (КБРС 15).

Башмак. «Оғыздар мен қыпшақтарда аяқкиім». «Диуани лұғат ит-түрkte» бұл сөздің шығыл тілінде *башак* түрінде қолданылатынын жазған М. Қашқари, оғыздар мен қыпшақтардың осы сөзге [м] қосып, *башмак* деп айтатынын түсіндірген. Қазақ тілінде *аяқ киім* сөзі белсенді қолданылады. Қазақ әдеби тілінің сөздігінде *башмақ/башпақ* сөзі «үйде киілетін аяқ киім» ретінде түсіндірілген [5, 145 б.]. Бірақ көне түрк тіліндегі [ш] дыбысы қазақ тілінде [с] болып өзгеретінін еске алсақ, қазақ тілінде неге *басмақ* түрінде

қолданылмайды деген сұрақ туындайды. Осыған қарап башмақ нұсқасының көне түрк тілінен славян тіліне, одан барып қазақ тіліне қайта кірген кірме элемент (я болмаса көрші түркі тілдерінен бізге өткен) болуы мүмкін деген жорамалға апарады. Қазақ мақал-мәтелдерінде *басмақ* сөзінен туындаған «аяқ киім тігуші, етікші» мағынасындағы *басмақшы* формасы қолданылады: *басыңа түссе басмақшы боласың* «маңдайыңа жазылған болса етікші (аяқ киім тігуші) боласың [3, 93]. Бұл мақалдың тағы бір нұсқасы бар: «басқа түссе – баспақшыл». Адам басына қиындық түссе, ең қиын деген жұмыстарды да істейді, яғни тері илеумен де айналысады» (кітап авторы Ә. Қайдар солай түсіндіреді) [13, 241 б.].

Бұлан. «Қыпшақ даласында бұғыға ұқсас ірі жануар». «Бұлан Қыпшақ даласында аулайтын ірі жабайы аң. Тостаған сияқты іші қуыс, жоғары қарай иілген мүйізі бар. Қар мен жаңбыр суы сол мүйізіне жиналады. Ұрғашысы тізерлеп тұрады, еркегі оның мүйізінен су ішеді; еркегі тізерлеген кезде ұрғашысы су ішеді» [1, 178 б.]. Р.Сыздықованың көрсетуінше, бұлан «бұғыға ұқсас ірі жануар», бұрын қазақ даласында өмір сүрген, бірақ қазіргі уақытта жойылып кеткен [14, 48]. Қазақ әдеби тілі сөздігінде бұлан сөзі «қазақ даласында бұрын өмір сүрген, ұзын, үлкен мүйізді, қос тұяқты, бұғы тектес ірі жануар» деп түсіндірілген. Төмендегідей мақал-мәтелдерде айтылады: *Бұланға ерген шөпке аунайды, доңызға ерген боққа аунайды; Атасы бұлан атпағанның баласы құлан атпайды; Бұлан өз тауынан өзі жерімес; Бір оқты құлан көтереді, екі оқты бұлан көтереді; Бұланайдан үлкен тау болмас, бұланнан үлкен аң болмас; Жеріне қарай бұланы, тауына қарай қыраны* [3, 189].

Көк «Оғыз және қыпшақ топтарында «негіз, тек»: көк сөзіне қатысты, Диуани лұғат ит-түрkte былай жазылған: «Оғыздар мен қыпшақтардың: *көкүң кім* – «тегің кім, қай рудансың?» деп қолданылатыны туралы айтылған: *көк* – «оғыз және қыпшақ тілдерінде «адамның тегі, негізі, шыққан руы» [1, 318 б.]. Қазақ тілінің түсіндірме және әдеби тілі сөздіктерінде *көк* сөзінің «негіз, түп-тамыр, тек, қайнар» мағынасы тіркелмеген, бірақ тұрақты тіркесте *көк* сөзі оғыз тілдеріндегі сияқты «негіз, тек, шыққан тегі» мағынасында сақталғаны аңғарылады: *Көгі жаман* – «Тегі (шыққан жері) нашар» [4, 394]. Қазақ тілінде «үлкен аға, ата» мағынасында қолданылатын *көке* осы сөзбен байланысты деп пайымдаймыз: *көке < көк еке* – «түп аға».

«Абай жолы» романының тілін зерттеген Е. Жанпейісов роман ішінде кездесетін *найман көк* тіркесіндегі *көк* сөзін «негіз» мағынасын білдіреді деп қарастырып, *найман көк атты* «найман руынан шыққан нағыз ат» деп аударған [15, 139 б.]. Сайып келгенде *көк* сөзі қазақ тілінде тіркелмеген деп сөздіктерге қарап кесіп айтуға болмас, егер *көгі жаман* фразеологизмін және *найман көк* тіркестерін алсақ, онда М. Қашқари қыпшақтарда бар деп тіркегендей тілімізде сақталғаны байқалады.

Өтмек «қыпшақтарда нан». Әдеби тілде бұл тұлғалы сөз болмаса да аймақтық сөздікте Батыс Қазақстан аймағында *өтпек* диалектісінің қолданылатыны тіркелген: Алтынай *өтпек* пісіріп жатыр. *Өтпекті* көбіне қысқа қарай пісіреміз. Ақ *өтпекті* өзіміз жейміз (ҚТАС 551). Парсыша *нан* сөзінің синонимі саналатын түбі түркінің төл сөзі *өтпек* ноғай тілінде тура осы тұлғада қолданылады, соған қарағанда сол тілден кірген элемент, я болмаса Орал өңіріндегі жергілікті ноғайлар қолданатын сөз болуы ғажап емес. Десек

те, М.Қашқари мұның қыпшақтарға тән сөз болғанын айтқаны шындыққа жанасады. Қазіргі қыпшақ тобы тілдерінен қарайым, қырым татар және қарашай-балқар тілдерінде жәдігерде тіркелгендей, *өтмек* тұлғасында кездеседі, ал татар тілі говорларында *үкмәк/үпмәк* нұсқасында бар [15, 178].

Қат – «*тікенді ағаштың жемісі*». М.Қашқари сөздігінде бұл сөздің қыпшақ, йемек, татар, қай, шомул тайпаларында «әр түрлі ағаштың жемісі» семасында тіркелген [1, 407]. *Қат* сөзінің өзі Сібір түркілерінде *хат* нұсқасында алтай, тува, хакас тілдерінде қолданылады. Сібір түркілерінде тек *қарақат* құрамында ғана емес, «қысылғат, сарғат» сөздерінің құрамында тіркелген [10, 332]. Қазақ әдеби тілінде *қат* сөзінің өзі сақталмаса да, *қарақат* жемісі атауының құрамында сақталған. Ал қырғыз, башқұрт, ұйғыр, әзербайжан, өзбек тілдерінде *қарағат* нұсқасында айтылады.

Қырнақ «*күң, құлдықтағы әйел*». Қыпшақ, йабағу, оғыз, қай, шомул, басмыл, йемек тайпаларында айтылады делінген [1, 206]. Мұны біз қазақ тіліндегі қыз-қырқын қос сөзінде сақталған *қырқынмен* төркіндес деп пайымдаймыз. Десек те ескерткіште *қырқын* сөзі мен *қыз-қырқын* қос сөзі тіркелген. *Қырқын* жеке өзі «қыз» дегенді білдірсе, *қыз-қырқын* «күңдер» деп аударылған: Түнүр қадын болушты / *Қырқын* тағы қолушты. Емди тышым қамашты / Атлы Турумтайымы «Ол менімен құда болу жөнінде келісті / Қыз алып беруге уағдаласты...» [1, 263].

Нәтижелер

«Диуаны лұғат ит-түрк» ескерткіші тілінде қыпшақша ретінде жазылған сөздердің саны – 52 (12-сі етістік, 40-ы зат есім). Бұл сөздердің 18-іне тек қыпшақша ретінде белгі көрсеткен болса, 34 сөзге қыпшақшамен бірге басқа тілдер де көрсетілген. Қыпшақшамен бірге ең көп айтылғаны оғыз тілі екені түсінікті. Сондағы жоғарыдағы 52 сөздің 29-на қыпшақ пен оғызша түсіндірмесі қосылған. Қалған 5 сөздің қыпшақша мен басқа түркі тілдерінің ортақ сөздері екендігі көрсетілген [16, 263 б.]. Сол сөздердің ішінде қазақ тілінде кездесетіндерінен және жоғарыда талдамағандардан *арық, бал, кеме, сұйық, тамақ, төзу, тұну, үкі* сөздері бар.

Фонетикалық жағынан өзгерген сөздердің арасында адһақ «*аяқ*», айығ «*аяу*», бен «*мен*», *бүт*- «өсімдіктің бітуі, өсуі», *ем* «дене мүшесі атауы», *йал*- «жану, жалындау», *йубула*- «жұбату», *кету* «келте, шолақ», *қазын* «қайын», *қатлан*- «жемістену», *йут*- «жұту», *йүкүнч* (намаз, бас ию) «жүгініс», *құрман* «қорамсақ, садақ оғы сауыты», *сусғақ* «шөлдеуіш, сусағыш», *чет*- «жету», *чун*- «жуыну», *хайу* «қай», *ханда* «қайда», *хыз* «қыз», *ылығ* «жылы» деген сөздер тіркелген. Бұлар сөздікте қыпшақша (қыпшақ-оғыз, я болмаса қыпшақ және өзге тілдер) деп тіркелген. Курсивпен белгіленгені Қашқари келтірген қыпшақша нұсқа болса, тырнақша ішіндегісі – қазіргі қазақ тіліндегі нұсқасы.

Алығ «жаман, кір», *елкин* «қонақ, жолаушы», *еует* «иә», *жуғду* «түйенің өсіп кеткен жүні», *жуфға* «басшы, жөн сілтеуші, қол бастаушы», *йазғуқ* «биенің емшек ұшы», *йалынғуқ* «күң», қору «жеміс түрі», *йаулақ* «жаман», *құзғыр*- «қардың боранға ұласуы», *өзле* «түс», өкил «көп», *сулақ* «көкбауыр», *ташық-/тышық*- «шығу, тысқары шығу», *учан* «қос желкенді қайық, кеме» атаулары қазіргі қазақ тілінен табылмады.

Қорытынды

«Диуани лұғат ит-түрк» ескерткішінде қыпшақ тіліне қатысты *жинчу* түрінде берілген сөз қыпшақ тобына кіретін және сөз басында ж дауыссызы сақталатын қазақ тілінде *жінжу* формасы сақталуы керек еді, бірақ «інжу» болып өзгерді. Қазақ тіліндегі *інжу* тұлғасы шағатай жазба тілінен қалған ерекшелік болуы ықтимал. Өйткені қазақ тілінде сөз басында *ж* дыбысы көп жағдайда сақталып жазылады. Қашқари қыпшақтар сөз басындағы «й» дыбысын «ж» деп айтады деп ерте орта ғасырда тіркеген, сол қыпшақтар қазақ елі болып осы күнге дейін «ж» деп айтады.

Махмұд Қашқари кей жағдайларда сөз басындағы [й] дыбысының түсіп қалуы жөнінде мысалдар келтіріп, оның оғыз және қыпшақ тілдеріне тән құбылыс екендігін көрсеткен. Қазақ тілі негізінен сөз басындағы [ж] дыбысы сақталатын тілге жатса да, [ж] түскені 10 шақты мысалда тіркелген, мұндай құбылыс қырғыз тілінде де кездеседі (*жыр – ыр, жылау – ыла*). Табылған мысалдарға қарағанда, сөз басындағы [ж] дыбысы [у], [о], [ы] және [е] дауысты дыбыстарының алдында түскені анықталды. Оғыз тілдеріне келсек, оның көбіне езулік *ы/і* және еріндік *о/у* дауыстыларының алдында жиі түсетіні көрінеді. Демек қыпшақ тілдерінде сирек болсын [ж] түскеніне қарап және оғыз тобында ондай құбылыстың жиі болатынын ескеріп, М. Қашқари сол кезеңде рас мәліметті тіркегеніне көз жеткіземіз.

Сөз басында «*т*» дыбысы қолданылатын қазақ тілінде, Диуани лұғат ат-түрkte оғыздар мен оларға жақын тілдерде «*т*» дыбысының «*д*»-ға айналатыны туралы деректер бар. Қазақ тілінде *д* дыбысымен қолданылатын көне түркі сөздері кездеседі: *де-, дорба, диірмен, дауыс, деңгей* және т.б. Махмұд Қашқаридың заманында да қыпшақтар кей сөздерді қазақ тіліндегідей *д* дыбысымен айтқан болуы мүмкін. Осы сияқты ерекшеліктерді ескерген Махмұд Қашқари оғыздарға және қыпшақтарға тән құбылыс ретінде сөз басындағы *т* дыбысының *д*-ға айналатынын атап өткен. Бұл оғыз тілдеріне тән көне ерекшеліктердің немесе Диуани лұғат ат-түрктен бері сақталып келе жатқан ортақ құбылыстың дәлелі болса керек.

«Диуани лұғат ит-түрkte» көрсетілгендей, *-асы* есімше жұрнағы оғыздарға тән жұрнақ саналады. Бір тараушада қыпшақтардың да бұл жұрнақты қолданғаны айтылған, бірақ *-асы* жұрнағымен жасалған барлық мысалдар әрдайым оғыздардан берілген. Мысалы: *барасы йир* (оғыздар) «барар жер»; *турасы угур* (оғызша) «тұру уақыты» және т.б. Махмұд Қашқари бұл жұрнақтың қыпшақ тілінде сирек те болса кездесетіндіктен, қыпшақтарда қолданылғанын атап өткен болуы мүмкін. Асылы, бұл жұрнақ оғыз тілінде кең таралған, ал қыпшақтарда жиі қолданылмаған, өйткені соңғы сөйлемдердегі мысалдар оғызша деп берілген. Қазақ тілінде аталған қосымшаның бірнеше тұрақты тіркестерде, мақал-мәтелдер мен тұрақты сөз тіркестерінде ғана кездесетіні М.Қашқаридің «қыпшақтарда сирек кездеседі» деген жорамалымен ұштасады.

Махмұт Қашқари тілдік элементтердің белгілі бір тілдік топқа тиесілі екенін айтқанда, көбінесе оғыздар мен қыпшақтарда деп екеуін әрдайым бірге көрсетуі олардың бір аймақта өмір сүруімен байланысты болса керек. Ерте орта ғасырда оғыздар мен қыпшақтар бірге Хорезм аймағында және Сырдария жағасында өмір сүргені белгілі, Махмұд Қашқари осы аймақтағы қыпшақтардан естіген. Сол элементтердің көп бөлігі

оғыз тілдерінде сақталып, қыпшақтарда болса біреуінде сақталып, екіншілерінде ұмытылған. Жоғарыдағы -асы есімшесі мысалы Орта Азия қыпшақтарында ұмытылып, татар мен башқұртта өнімді жұрнақ ретінде қолданылуда. Мақалада «оғыздар және оларға жақындар» деп айтқан Махмұд Қашқаридің сөзіндегі жақындар «қыпшақтар» деп тұжырымдап, ондай мысалдарды да мақалада көрсеттік, себебі ғұлама көп жерде оғыздар мен қыпшақтар деп бірге көрсеткен, тіпті кейбір тұста «оғыздар мен олардың бауырлары қыпшақтар» деп те айтылған.

«Диуани лұғат ит-түрkte» қыпшақша деп көрсетілген *аба* «аю» сөзі қазақ тілінде кездеспейді; бірақ *асаба* және *абадан* сөздерінде сақталған. Сондай-ақ қыпшақша деп көрсетілген *өзле* «түскі уақыт» сөзінің фонетикалық формалары қазақ тілінде жоқ, бірақ қазіргі қыпшақ тобына жататын татар және башқұрт тілдерінде кездеседі. Сонымен қатар оғыз және қыпшақ тілдерінде қолданылады деп берілген *башмақ* сөзі қазақ тілінде *Басыңа түссе, басмақшы боларсың* деген мақал-мәтелде айтылады. *Башмақ* деген нұсқасы орта ғасырда славян халықтарына өтіп, бізге орыс тілінен қайта кірді. Қыпшақша «ағаштың жемісі» деген мағынаны білдіретін *қат* сөзі тек қарақат «қара түсті жеміс түрі» сөзінің құрамында ғана қолданылады. Оғызша және қыпшақша «негіз, тек, ру» мағынасындағы *көк* сөзі тек *көгі (тегі) жаман* деген тұрақты тіркесте сақталған. Ал *бұлан* сөзі ескерткіш тілінде қыпшақ далаларында өмір сүретін жануар ретінде аталған аң атауы қыпшақ тобындағы тілдердің бәрінде сақталған. Ертеде қазақ даласында жиі кездескені қазақ мақалдарынан аңғарылады.

Қаржыландыру. Мақала ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті қаржыландыратын «Қашқаританудың ғылыми-әдіснамалық және қолданбалы мәселелері: «Диуани лұғат ит-түрік» жазба ескерткішін ұлттық сананы жаңғыртудың лингвистикалық факторы контекстінде зерттеу» ғылыми жобасы аясында жазылды (АР22786207).

Авторлардың қосқан үлесі.

М.М. Қосыбаев – ғылыми мақаланың мақсат-міндеттерін айқындау, теориялық әдебиетпен жұмыс, тілдік материалдар жинау және талдау, лексикалық ерекшеліктерге тарихи-салыстырмалы талдау жасау.

М.Е. Әділов – зерттеу материалдары мен тілдік әдіс-тәсілдерді қолдана отырып мысалдарды лингвистикалық талдау, теориялық және материалдық деректерді жинақтап талдау жүргізу, мақаланың практикалық бөліміне жауап беру.

Әдебиеттер тізімі

1. Ercilasun A.B.; Akkoyunlu Z. *Kâşgarlı Mahmud, Dîvânü Lugâti't-Türk.* – Ankara: TDK Yayınları, 2015. – 995 s.
2. Құрманбайұлы Ш., Әділов М. Абай және Шәкәрім тіліндегі көнерген сөздердің тарихи-салыстырмалы сөздігі. – Алматы: Сардар, 2024. – 416 б.
3. Бабалар сөзі, 65-69 томдар, Қазақ мақал-мәтелдері. – Астана: Фолиант, 2011.
4. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 711 б.
5. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. I-XV Томдар. – Алматы: Тіл білімі институты, 2011.
6. Тенишев Э. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – Москва: Наука, 1988. – 414 с.

7. Қайдаров Ә. (ред.). Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы: Ғылым, 1988. – 200 б.
8. Қазақ тілінің грамматикасы I бөлім, морфология. – Алматы, 1967.
9. Серебренников Б., Гаджиева Н. Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. – Баку: Маариф, 1979. – 304 с.
10. Севортян Э. Этимологический словарь тюркских языков I. – Москва: Наука, 1974.
11. Федотов М. Этимологический словарь чувашского языка. – Чебоксары, 1996. – 470 с.
12. Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: «Толғанай» баспасы, 2004.
13. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Санат баспасы, 1994.
14. Жанпейісов Е. Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі. – Алматы: Ғылым баспасы, 1976.
15. Kurmanbaiuly, S., Adilov, M. ve İbragimov, Z. Kazakça ağızlar sözlüğünde kayıtlı bazı eskicil sözcükler üzerine // Türk Dili Araştırmaları Yıllığı-Belleten, 2022. – 73. – S.151-190.
16. Balcı O. Divanü lügâti't-Türk'te Kıpçakça olarak kaydedilen dil malzemesinin bugünkü Kıpçak lehçelerindeki durumu, International Language // Literature and Folklore Researches Journal, 2015. – Year 3, Issue 5. – S. 261-278.

М.М. Косыбаев¹, М.Е. Адилов²

¹*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

²*Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан*

Отражение в современном казахском языке языковых элементов, обозначенных как кыпчакские в памятнике «Дивани лугат ит-тюрк»

Аннотация. Работа Махмута Кашгари «Дивани лугат ит-тюрк», являющаяся первым историко-сравнительным словарем тюркских языков, на основе своего богатого языкового словаря является важнейшим источником изучения древнетюркских письменных памятников и современных тюркских языков. В данной книге Махмуд Кашгари, помимо передачи основных грамматических особенностей языка литературной письменности того периода, предоставил обширные данные по языковым различиям тюркских языков и народов как огуз, кыпчак, уйгур, сувар, аргу и др. Гений караханской эпохи, обращаясь к различиям этих языков, привел множество примеров, особенно из кыпчакского языка. Таким образом, М.Кашгари приводит наибольшее количество лингвистических данных про огузов и кыпчаков после литературного языка. Эти два языка и народа в большинстве случаев употребляет вместе.

Примечательно, что данные Махмуда Кашгари о языковых группах по-прежнему во многом совпадают с этими языками спустя десять веков. Тем не менее, слова в труде «Дивани лугат ит-тюрк» которые упоминаются как характерные для огузского языка, могут не встречаться в современных огузских языках, а также слова, которые отменились как кыпчакские, могут не сохраняться в современных кыпчакских языках. В статье рассматриваются некоторые языковые элементы, обозначенные в памятнике как кыпчакские слова. Будет проанализировано состояние этих кыпчакских элементов в современном казахском языке. Будет доказано, что слова и формы, обозначенные как кыпчакский языковой элемент в письменном памятнике, сохранились в

казахском литературном языке и говорах, во фразеологизмах и пословицах, а так же в парных словах.

Ключевые слова: Махмут Кашгари, Дивани лугат ит-тюрк, письменные памятники эпохи Карахан, кыпчакские языки, огузская группа языков, казахский язык, лексика, фонетические особенности, морфологические формы, пословицы и поговорки, фразеологизмы.

М.М. Kossybayev¹, М.Е. Adilov²

¹*L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

²*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

Reflection in the modern Kazakh language of linguistic elements designated as Kypchak in the monument «Divani lugat it-turk»

Abstract. The work of Mahmud Kashgari «Divani lugat it-turk», which is the first historical and comparative dictionary of the Turkic languages, based on its rich linguistic dictionary is the most important source for the study of ancient Turkic written monuments and modern Turkic languages. In this book, Mahmud Kashgari, in addition to conveying the main grammatical features of the literary writing language of that period, provided extensive data on the linguistic differences between the Turkic languages and peoples such as Oguz, Kypchak, Uygur, Suvar, Argu, etc. The genius of the Karakhan era, referring to the differences between these languages, gave many examples, especially from the Kypchak language. Thus, M.Kashgari provides the largest amount of linguistic data about the Oghuz and Kypchaks after the literary language. In most cases, these two languages and peoples are used together.

It is noteworthy that Mahmud Kashgari's data on language groups still largely coincide with these languages ten centuries later. Nevertheless, the words in the work "Divani lugat it-turk" that are mentioned as characteristic of the Oghuz language may not occur in modern Oghuz languages, as well as words that have been abolished as Kypchak, may not be preserved in modern Kypchak languages. The article examines some linguistic elements designated in the monument as Kypchak words. The state of these Kypchak elements in the modern Kazakh language will be analyzed. It will be proved that the words and forms designated as the Kypchak linguistic element in the written monument have been preserved in the Kazakh literary language and dialects, in phraseological units and proverbs, as well as in paired words.

Keywords: Mahmud Kashgari, Divani lugat it-turk, written monuments of the Karakhan era, Kypchak languages, Oguz group, Kazakh language, vocabulary, phonetic features, morphological forms, proverbs, idioms.

References

1. Ercilasun A.B., Akkoyunlu Z. Divanu Lügatit Türk [Divanu Lugat it Turk] (Türk Dil Kurumu Yayınları, Ankara, 2015, 995 p.) [in Turkish]
2. Kurmanbaiuly Sh., Adilov M. Abai zhane Shakarim tilindegi konergen sozderdiñ tarihi-salystyrmaly sözdigi [Historical-Comparative Dictionary of Words in Abai and Shakarim's Works] (Sardar, Almaty, 2024, 416 p.) [in Kazakh]

3. Babalar sozi, Kazak makal-matelderi [Kazakh proverbs and sayings] (Foliyant, Astana, 2011) [in Kazakh]
4. Kenesbaev I. Kazak Tilinin Frazelogiyalyk Sozdigi [Phraseological Dictionary of the Kazakh language] (KazAqparat, Almaty, 2007, 771 p.) [in Kazakh]
5. Kazak adebi tilinin sozdigi, I-XV [Dictionary of the Kazakh literary language]. (Til Bilimi Instituty, Almaty, 2011) [in Kazakh]
6. Tenishev E. Sravnitel'no-istoricheskaya grammatika Tyurkskikh yazykov, Morfologiya [Comparative grammar of the Turkic languages] (Nauka, Moscow, 1988, 414 p.) [in Russian]
7. Kaidarov A. (red.). Kazak tili tarikhii leksikologiasynyn maseleleri [Problems of historical lexicology of the Kazakh language] (Gylym, Almaty, 1988, 200 p.) [in Kazakh]
8. Kazak tilinin grammatikasy, I bolim, Morfologia [Grammar of the Kazakh language] (Almaty, 1967) [in Kazakh]
9. Serebrennikov B., Gazhieva N. Sravnitel'no-istoricheskaya grammatika Turkskih yazykov [Comparative historical grammar of the Turkic languages] (Maarif, Baku, 1979, 304 p.) [in Russian]
10. Sevortyan E. Etiymologicheskii slovar' Tyurkskikh yazykov, T. I. [Etymological dictionary of Turkic languages] (Nauka, Moscow, 1974) [in Russian]
11. Fedotov M. Etiymologicheskii slovar' Chuvashskogo yazyka, [Etymological dictionary of the Chuvash language] (Cheboksary, 1996). [in Russian]
12. Kaidar A. Khalyk danalygy [Folk wisdom] (Tolganai, Almaty, 2004) [in Kazakh]
13. Syzdykova R. Sozder Soileidi [Words speak] (Sanat, Almaty, 1994) [in Kazakh]
14. Zhanpeiisov E. Mukhtar Auezovtin Abay zholy epopeyasynyn tili [Language of the novel Abay Zholy] (Gylym, Almaty, 1976) [in Kazakh]
15. Kurmanbaiuly S., Adilov M. ve İbragimov, Z. Kazakça ağızlar sözlüğünde kayıtlı bazı eskicil sözcükler üzerine, Türk Dili Araştırmaları Yıllığı-Belleten, 73, 151-190 (2022) [in Turkish]
16. Balcı O. Divanü lügâti't-Türk'te Kıpçakça olarak kaydedilen dil malzemesinin bugünkü Kıpçak lehçelerindeki durumu, International Language, Literature and Folklore Researches Journal, 3 (5), 261-278 (2015) [in Turkish]

Авторлар туралы мәлімет:

Қосыбаев М.М. – PhD, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Әділов М.Е. – PhD, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан.

Kossybayev M.M. – PhD, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Adilov M.E. – PhD, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).